

УДК 697:7.05

**ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ТЕЛЕАРНА БЕЙНЕСІН ЖОБАЛАУ ПРОЦЕСІН
ЗЕРТТЕУ**

**ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССА ПРОЕКТИРОВАНИЯ ЭКРАННОГО ОБРАЗА
ТЕЛЕВЕДУЩИХ**

A STUDY OF THE DESIGN PROCESS ON-SCREEN IMAGE OF TV PRESENTERS

А.Д. КӘТІШ, А.Ж. ТАЛҒАТБЕКОВА
A.D. KATISH, A. ZH. TALGATBEKOVA

(Алматы технологиялық университеті)
(Алматинский технологический университет)
(Almaty Technological University)
E-mail: sladkaya_ari@mail.ru, akma.leo@mail.ru

Берілген ғылыми мақалада тележүргізушілердің телеарна бейнесін жобалау процесі зерттелген, сонымен қатар тележүргізушілер киіміне қойылатын талаптар қарастырылды, киімдерінде тасымалданатын бөлшектердің үйлесімділігін және түрлендіру әдістерінің талаптары жобаланды, дикторлардың телеарна алдындағы бейнесін жобалау процесі қалыптастырылды.

В данной статье рассмотрены вопросы процесса проектирования экранного образа для телеведущих, а также требования, предъявляемые к одежде дикторов. Выявлены основные виды одежды и детали, используемые в гардеробе для телеведущих, что позволило создать новый экранный образ.

This article questions of process of design of a screen image for TV hosts, and also requirements imposed to clothes of announcers are considered. The main types of clothes and a detail used in clothes for TV hosts that the new screen image has allowed to create are revealed.

Негізгі сөздер: диктор, костюм, тасымалданатын бөлшек, ұлттық арна, бағдарламалар, киім үлгісі.

Ключевые слова: диктор, костюм, съемные детали, национальный канал, программы, образцы одежды.

Keywords: speaker, suit, removable details, the national channel, programs, samples of clothes.

Кіріспе

Еліміздің бірегей ақпарат көзіне айналып отырған телеарналар соның ішінде отандық телеарналар жүргізушілеріне ұлттық нақыштағы заманауи үрдістегі сәнді киім үлгілерінің жетіспеуі өзекті болып табылады. Әлемдік нарықтық экономикалық жағдайда бәсекеге қабілетті, ұлттық нақыштағы отандық сәнді киім үлгілерін жобалаудағы конструктивті-декоративті құрылымдық талдау жүргізудің орны бөлек. Телеарна арқылы әлем ақпарат алады, яғни қай мемлекетте қан-

дай жаңалық болып жатқанын осы телеарналар арқылы білеміз.

Ұлттық телеарна - бірінші ұлттық қазақстандық телеарна 1958 жылы негізі қаланған. Қазақ теледидарының тарихында жаңа кезең басталды. 1994 жылы 4 сәуірде Қазақстан Президентінің жарлығымен "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы болып құрылды. 2002 жылдан "Қазақстан" ұлттық телеарнасы деп аталды. 1958 жылдан бастап ұлттық телеарна дикторларының киім үлгілері классикалық түрде

болды. Ақ жейде, қара костюм, қара түсті белдемше [1].

Зерттеу әдісі және нысаны

Зерттеу нысаны дикторға арналған киімді жобалау, сондай-ақ матасы, түсі, қорытынды бөлшектер, ою-өрнек, тасымалданытын бөлшектер және өлшем бірліктері. Зерттеу үшін теориялық әдіс қолданылды.

Нәтижелері және оларды талқылау

Қазіргі таңда отандық телеарна саны 48. Отандық арналардың барлық телебағдар-

ламаларына зерттеу жұмысы жүргізілді. Олар 1 кестеде көрсетілгендей 10 телебағдарламаларға бөлінді: музыкалық, спорттық, рухани, балаларға арналған, таңғы жаңалықтар, кешкі жаңалықтар, ток-шоу, ақпаратты-танымдық, концерттік [2]. Бағдарламаларда дикторлардың киім кию үлгісі зерттеліп көру пайызы есептелді. Қорытынды: 100% - 26% кешкі жаңалықтар. Жаңалықтарды жүргізетін телеарна жүргізушілерінің киім үлгілері көбінесе қатал стильде классикалық костюмдер, көйлектер.

Кесте 1 - Бағдарламаларды талдау

№	Отандық телеарналардағы телебағдарламалар	Киім кию үлгісі	Бағдарламаларды көру жас ерекшеліктері және %	
1	Музыкалық	Заманауи, ашық	Жас буын	10%
2	Спорттық	Спорттық стильде	Ер азаматтар	7%
3	Рухани	Жабық	Намазхан адамдар	3%
4	Балаларға арналған	Түрлі-түсті	Жасөспірімдер, балалар	12%
5	Таңғы жаңалықтар	Классикалық костюм, көйлек	Балалардан бастап егде жас аралығы	8%
6	Кешкі жаңалықтар	Классикалық костюм, көйлек	Балалардан бастап егде жас аралығы	26%
8	Ток-шоу	Әр-түрлі	Әр түрлі жастағы	12%
9	Ақпаратты-танымдық	Арнайы ұсынылған сай	Әр түрлі жастағы	13%
10	Концерттік	Көйлек	Азаматшалар	9%

2-суретте көрсетілгендей дикторлардың телеарна бейнесі екіге бөлінді. Толық көрсету және жартылай көрсету, айырмашылығы үстел үстінде немесе жаңалықты орнынан тұ-


рып жүргізу. Йық бұйымдар оған: көкірекше, жейде, пиджак, екіншісі костюм оған: белдемше, шалбар көйлек [3].



Сурет 1 - Дикторлардың экран алдындағы бейнесі

Жылдың 4 мезгілінде отандық телеарналар яғни «Хабар», «Қазақстан», «31», «КТК» Дикторларының күнделікті киген киім үлгісі зерттеліп, яғни қай айда қандай киім көп киілді


және сол бойынша диктор киімінің үлгісі анықталды. Дикторлар жаңалық жүргізу барысында бір киімді бірнеше рет киетіні байқалды.



Сурет 2 - Пиджак түрлері

3-суретте көрсетілгендей тігінен орналасқан көрсеткіштер тележүргізушілердің жаз, күз, қыс және көктем мезгілінде киілген пиджак түрлері (қайырма жағалы, жағасыз, тік жағалы,


қима жағалы). Көлденең жатқан көрсеткіштер 4 мезгілде киілген пиджактар саны. Нәтижесінде жылдың төрт мезгілінде қайырма жағалы және тік жағалы пиджактар көп киіледі [4].



Сурет 3 - Ыық бұйымдар

4-суреттегі тігінен орналасқан көрсеткіштер тележүргізушілердің жаз, күз, қыс және көктем мезгілінде киілген йық бұйымдардың түрлері (ішкөйлек, жемпір, жейде). Көлденең жатқан көрсеткіштер 4 мезгілде киілген йық бұйымдардаң саны. Нәтижесі: жаз айын-

да ішкөйлек көп киілген, себебі күннің ыстығына байланысты, күз, көктем, қыс айларында жейде, себебі күннің суытуына байланысты. Орта есеппен алғанда ішкөйлек және жейде басым.



Сурет 4 - Костюм түрі

5-суреттегі тігінен жатқан көрсеткіштер тележүргізушілердің жаз, күз, қыс және көктем мезгілінде киілген костюм түрлері (көйлекті, шалбарлы, белдемшелі). Көлденең жат-

қан көрсеткіштер 4 мезгілде киілген костюмдердің саны. Нәтижесі жаз айында көйлек, күз, қыс, көктем айларында белдемше көп киілген.



Сурет 5 - Диктордың киім үлгісі

5-сурет диктордың киім үлгісі. Киім үлгісі үстінде көрсетілген суреттер, яғни төрт мезгілдегі дикторлар киген киім нәтижесі арқылы сызылды және олар бір киімді бірнеше рет киюіне байланысты, киімді жобалауда тасымалданудың әртүрлі түрлері қолданылды. Олар: жаға, қолы, басқаның етегі. Ол әмбебаптылықты жоғарылатуға, оның функционалды мүмкіндерін кеңейтуге және кию мерзімін ұзартуға, сатып алудағы шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Отандық телебағдарламаларға талдау жасалды, тележүргізушілердің төрт мезгілде киілген киімінің саны, түрлері бойынша сараптама жасалды.

Бұйымның әртүрлі түрленуі адамды жалықтырмайды және оның қызмет ету мерзімі ұзарады.

Зерттелген жұмыстардың артықшылығы:

- әртүрлі стилдік шешімдерді қолдана отырып адам әрқашан киімді түрлендіре алады және киім ассортименті кеңейеді;
- бұйымның қызмет ету мерзімі ұзарады;
- нарықтағы бәсекелестігі артады;
- функционалды процесстер кеңейеді;
- өндірісте шығын көлемі азаяды;
- ұлттық нақыштағы киім сұранысқа ие болады;
- тележүгізушілердің телеарна бейнесі жабаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ашық энциклопедиясы, ұлттық телеарна (электронды ресурс) – қолжеткізу тәртіптемесі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

2. Жерсеріктік Отау ТВ топтама құрамы - Арналар тізімі. (электронды ресурс) – қолжеткізу тәртіптемесі: <http://otau.satu.kz/a9627-spisok-kanalov-otau.html>

3. Перипечина Г. Экранный образ тележурналиста: методика формирования. -М.: Легпромбытиздат, 2008.-245с.

4. Беркалиева Г., Нуржасарова М.А. Моделирование и художественное оформление одежды. Глава I «Одежда и костюм». -Астана: Фолиант, 2010. – 248с.

5. Горбачева Л.М. Костюм XX века: От Поля Пуаре до Эммануэля Унгаро. - М.: Изд-во «ГИТИС», 2006. - 120 с.

6. Акилов З.Т. Моделирование одежды на основе принципа трансформации (новые приемы разработки модных форм одежды). – М.: Легпромбытиздат, 2003. – 200 с.